КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 шілде №2301-23-00-2/1210 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Г.Ө.Есқали

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 04.12.2015 жылғы №434-V Заңына сәйкес «Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ-сі (бұдан әрі – Талап қоюшы) және «Qaz suppliers» ЖШС (бұдан әрі – Жауапкер) арасында 2023 жылғы 16 қаңтарда мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №1 шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған. Шарт бойынша Жауапкер жеңіл автокөлікті жүргізушісімен бірге жалға алу қызметін көрсетуге міндеттенген. Шарт сомасы 2 678 571 теңге.

Алайда Жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы шартының талаптары тиісті түрде орындалмаған. Қызмет Жауапкермен толық көлемде көрсетілмеген, автокөлік жалға берілмеген, басқа автокөлікпен ауыстырылмаған, сәйкесінше басқа жүргізуші де болған жоқ. Жауапкердің

(Өнім берушінің) Шарт бойынша қызмет көрсетпеуі салдарынан Орталық жұмысына кедергі келтірілген.

Талап коюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары толық орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап коюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, қызмет шартта көрсетілген мерзімде көрсетілмей, нәтижесінде талап коюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын айтып өтті.

Шарттың 2-қосымша Техникалық ерекшелігіне сәйкес, әлеуетті жеткізуші аптасына 5 күн, тәулігіне 8 сағат бойы автокөліктің жұмысын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Сонымен қатар, келісім-шарт бойынша берілген автокөлік болмай қалғанда (бұзылып қалуы, басқа да жағдайда), тапсырыс берушінің келісімімен парапар автокөлікпен кідіртпей алмастыруды жасайды деген.

Сот отырысында талап коюшымен ұсынылған жалдамалы көліктің жұмысқа келіп-кету уақытын тіркеу табелінен көрінгендей, мемлекеттік номері 36 ZM180 маркасы «Toyota Ipsum» жалдамалы көлігінің 2023 жылғы 24,25,26 сәуірде, 10,11,12,15 мамырда жұмысқа шықпағандығы көрінеді.

Жауапкермен шарттың талаптарына сәйкес, басқа автокөлік берілмегені және басқа жүргізуші де болмағаны анықталған.

Тараптардың арасындағы мемлекеттік сатып алу туралы шарт 2023 жылғы 1 шілдеде бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама: шешім заңды күшіне 2023 жылы 21 тамызында енді.

Судья О.Ш.Даурешова

«2» бетте тігілді,
«3» парақта нөмірленді
Судья Ж.Ш.Даурешова